Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және психология мамандығы

# Sheshim qabyldau

Орындағандар: Қалдыбаева Асель
Зейнетуллина Асылназ
Исабек Ұлпанай
Ануарбек Алтынзер

Шешім – басқару процесінің маңызды функциясы. Басқару процесі күрделілігі мен маңыздылығы жағынан әр қилы шешәмдерден тұрады.

# Г. Саймон бойынша шешім қабылдау процессінің 3 фазасы:

**Біріншісі**

- Интеллектуалдық белсенділікпен және қоршаған ортада шешім қабылдауды қажет ететін жағдайды іздеу.

**Екіншісі**

- Шешімдерді таңдау, яғни іс – әрекеттердің бағытын анықтау.

**Үшіншісі**

- Шешімнің накты нұсқасын таңдап, оны бағалау.

Ғылыми еңбектерде классификацияның әртүрлі критерийлері қолданылады. Б.Гурней шешімдерді олардың қабылдану деңгейі мен маңыздылық белгілері бойынша жіктейді.



Субьективті – обьективті қатынас



Шешімнің мазмұны



Шешімнің орындалу уақыты



Шешімнің формасы

Субьективті – обьективті қатынас басқару жүйесінің тек ортақ белгілерін білдірмей, сонымен қатар оның ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл критерий бойынша, шешім субьектермен туғызылған.

Шешімнің мазмұны бойынша бірнеше аспектілер бар, олардың бірі – реттелетін қатынас сферасы. Осыған орай, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастыру т.б.

Шешімнің формасы бойынша, ауызша және жазбаша деп бөлінеді. Шешімінің басты формасы – жазбаша түрде қабылданады. Бұл шешім формасы тұрақтылық элементін, реттілікті, мәліметті талап етеді.

Шешімнің орындалу уақыты. Әр мәселенің қойылуы оны орындау құралдары мен нақты орындалу уақыты арқылы өлшенеді. Орындалу уақыты бойынша шешімдер оперативті, тактикалық және стратегиялық деп бөлінеді.

Шешімдер теориясы екінші дүниежүзілік соғыс кезінде операцияларды зерттеу тәсілдерімен байланысты пайда болған. Шешімдер теориясының көрнекті өкілі Г.Саймон. Ол шешімдер теоричсын эканомика, математика және психология салаларындағы жетістіктерді қолданып дамытты.



# Шешім қабылдау кезеңдері:

- Мәселенің пайда болуы.
- Мәселенің мәнін түсіну.
- Шәшімді іздеу.
- Шешімді қабылдау.
- Шешімді орындау.
- Нәтижені бағалау.



Басқару шешімінің маңызды талаптарының бірі- **мақсаткерлік.** Шешім ұжымның мақсатын, басты міндеттерін білдіреді, кез келген жұмысты тікелей орындаушыларға берілетін тапсырмаларды айқындайды. Ірі шаруашылық шешімдері бірнеше мақсатты айқындайды.

Кез келген шешім ауызша немесе жазбаша түрде қабылданса да, дәл нақты, айқын, дәлелді болуы тиіс. Шешімде тапсырманың мәні, оның көлемі, мерзімі, жүзеге асыру әдісі, орындауға жауаптылар көрсетілуі тиіс.

**Шешім қабылдау** — ақпарат алмасу сияқты кез келген басқару қызметінің (функциясының) құрамдас бөлігі. Шешім қабылдау қажеттігі басқарушының алға қойған мақсатының қалыптасумен, сол мақсатқа жетудегі іс-қимылын түгелдей қамтиды.



**Шешім дегеніміз** — бұл альтернативті тандау.

**Альтернатив** — мүмкін болған екі үйғарымның бірін ғана таңдап алуға мәжбүрлік.

Әрбір басқару қызметі (функциясы) өмірде жүзеге асыруды талап ететін жалпылама, тіршілікте қажетті, маңызды шешімдермең байланысты.

Басқарушы шешімдер деген сөз көп аспектілі мағынаны сипаттайтын категория.

# **Басқару шешімдері**

- Біріншіден, басқарушы шешім — басқару жүйесінде жүретін қызмет түрі. Ол белгілі бір іс-әрекеттерді дайындау, табу, таңдау және қабылдаумен байланысты;
- Екіншіден, басқарушы шешім — басқару объектісіне басқару органдарының ықпал тигізуіне варианттар ұсынады;
- Үшіншіден, басқарушы шешім — ол басқару жүйесінде тәжірибе - ұйымдастыру қызметі болып табылады.

# Шешімді өңдеу және қабылдау процесі кезеңдердің келесі кезектілігінде іске асырылады:

1. Проблеманы қалыптастыру және негіздеу,
2. Шешім қабылдау үшін шектеулер және критерийлерді қалыптастыру,
3. Шешімнің мүмкін варианттарын қалыптастыру және тандау
4. Шешімнің ең жақсы вариантын тандау.

Шешімдер варианттарын салыстыру нәтижесі бойынша алдыға қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді жетуді қамтамасыз ететін, нақты жағдай үшін мақсатты вариант таңдалады. Шарт бойынша бұл проблема жөніндегі шешім қабылдау болып табылады.

- Шешім қабылдау — бұл мәселені түсінуді, адекватты мақсаттарды бекіту және осы мақсатты іске асыру үшін құралдарды таңдауды болжайтын күрделі ой процессі. Өкінішке орай, айтылған бұл процесс сыртқы орта жағдайлары мен жоғарғы басшылардың қысымының салдарынан жиі жағдайда стихиалы түрде жүреді. Сондықтан до оның іске асырылуы күрделі жүреді. Профессор Л.Зайверт, уақытты рационалды қолдану неміс институтының жетекшісі көптеген менеджерлер келесілерді дұрыс көреді дейді:



- · Дұрыс жұмыстар жасағанның орнына дұрыс жұмыс жасау;
- · Шығармашылық альтернатива жасағанның орнына мәселелерді шешу;
- · Қолданған құралдарды оптимизациялаудың орнына құралдарды жнақтау;
- · Нәтижелерге қол жеткізгеннің орнына міндеттерді атқару;
- · Пайданы арттырудың орнына шығындарды азайту.

Бұлардың барлығы — дұрыс шешім қабылдамаудың нәтижесі.